

Қазақстан Республикасы



Республика Казахстан

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тамды орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Тамдинская средняя школа» государственного учреждения «Отдел образования Алгинского района Управления образования Актюбинской области»

БҰЙРЫҚТАН КӨШІРМЕ

Тамды ауылы

№ 01-03-55

27.08.2022 жыл

**«Орта білім беру ұйымдарында
2022-2023 оқу жылының басталуы туралы»**

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2022 жылғы 26-тамызындағы №270 бұйрығы негізінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №363 бұйрығы және «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 27.08.2022 жылғы №1-117/3 бұйрығы негізінде «Тамды орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жаңа 2022 – 2023 оқу жылына дайын болуы қамтамасыз етілсін.
2. Білім алушылар мен педагогтардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.
3. Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын;
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығы басшылыққа алынсын және айқындалған мерзімдері туралы педагогтерге, ата-аналар назарына жеткізілсін:
 - 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022 – 2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;
 - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасы;
 - 3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
 - 1-11 – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан-6 қараша аралығында), қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);
 - 1-сыныптарда қосымша каникул -7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).
5. Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
6. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізіне алынсын.
7. Оқу процесін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директорының м.а.:



Л.Т.Сағымбаева